# «Kaspi Bank»
# АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ (АҚ)
# АКЦИЯЛАРЫ ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ
# ПРОСПЕКТІСІНЕ
# № 14 ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

**Алматы қ.**

2003 жылғы 19 тамызда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тіркеген акциялардың жетінші шығарылымының ПРОСПЕКТІСІНЕ № 14 өзгерістер мен толықтырулар

Акциялардың жетінші шығарылымының проспектісі (бұдан әрі – Проспект) мынадай мазмұндағы 10-1-тармақпен толықтырылсын:
10-1. Акционерлердің жалпы жиналысымен немесе құрылтай жиналыспен акциялардың құнын оларды қоғам сатып алғанда анықтау әдістемесін бекіту күні:
«Орналастырылған акцияларды сатып алу ережесі және оларды қоғам сатып алғанда акциялардың құнын анықтау әдістемесі» акционерлердің жалпы жиналысының 2014ж. 26 мамырдағы №29 шешімімен бекітілген.

Проспектінің «Орналастырылған акцияларды сатып алу ережесі және оларды қоғам сатып алғанда акциялардың құнын анықтау әдістемесі» деген қосымшасы жаңа редакцияда жазылсын:

Қосымша

**Акционерлердің**
**Жалпы жиналысымен**
**бекітілген**
**(2014 жылғы «26» мамырдағы**
**№29 жиналыс хаттамасы)**

## Орналастырылған акцияларды сатып алу ережесі және оларды қоғам сатып алғанда акциялардың құнын айқындау әдістемесі

Орналастырылған акцияларды сатып алудың осы ережесі және оларды қоғам сатып алғанда акциялардың құнын айқындау әдістемесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының заңдарына, "Kaspi Bank" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Банк) Жарғысына сәйкес Банктің бастамасы бойынша, акционердің талабы бойынша, акционердің өтініші бойынша және соттың қаулысы бойынша Банктің орналастырылған акцияларды сатып алудың жалпы шарттарын айқындау мақсатында әзірленді.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Егер өзгесі мәтіннен тікелей туындамаса, осы Ереженің мақсаттары үшін осы Ережеде қолданылатын терминдер мен анықтамалар мыналарды білдіреді:

1) бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығы – мәмілелері сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылатын эмиссиялық бағалы қағаздардың және өзге де қаржы құралдарының айналыс аясы;

2) сауда-саттықты ұйымдастырушылар – қор биржасы және биржадан тыс бағалы қағаздар нарығының баға белгілейтін ұйымы;

3) акция – Банк акционерлік қоғам ретінде шығарған Банктің орналастырылған акциясы және ол акционерлік қоғам ретінде Банкті басқару, ол бойынша дивидендті және Банк таратылған кезде оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілерімен көзделген өзге де құқықтарды растайды.

2. Акционерлік қоғам ретінде Банктің құқықтық жағдайы, жарияланған акциялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуге алу және оларды орналастыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес айқындалады. Акциялар бойынша кірісті төлеу нысаны, тәсілі мен тәртібі Банк Жарғысымен және Қазақстан Республикасының

зандарында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып бағалы қағаздарды шығару проспектісімен айқындалады.

3. Банктің жарғылық капиталы құрылтайшылардың оларды номиналды құны бойынша және инвесторлардың Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес айқындалатын орналастыру бағасы бойынша акцияларды төлеу арқылы қалыптасқан және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында берілген. Банктің жарғылық капиталы Банктің жарияланған акцияларын орналастыру арқылы ұлғаюы мүмкін.

## 2-тарау. Банктің акцияларды сатып алуының жалпы шарттары

4. Банктің акцияларды сатып алуы оларды кейіннен сату, акционерлердің құқықтарын сақтау (Банктің акционерге тиесілі Банк акцияларын заңдарға сәйкес сатып алу міндеті туындаған кезде) немесе Қазақстан Республикасының заңдарына және Банк Жарғысына қайшы келмейтін өзге де мақсаттарда жүзеге асырылады.

5. Банктің Қазақстан Республикасының резиденттері емес-акционерлерден акцияларды сатып алуы Қазақстан Республикасының резиденттері-акционерлер үшін белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

6. Банктің акцияларды сатып алуы туралы шешімді Банктің Директорлар кеңесі қабылдайды.

7. Банк Басқармасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес Банк мүдделерін қорғау мақсатында Директорлар кеңесіне Банк акцияларын сатып алуды ұсынуға құқылы. Бұл кезде Банк Басқармасының ұсынысында мыналар болуы тиіс:

1) Банктің акцияларды сатып алуының және мақсатының мақсатқа лайық екендігінің негіздемесі;

2) Банктің сатып алуына ұсынылатын Банк акцияларының саны мен түрлері;

3) Акцияларды сатып алу бағасы немесе сатып алу бағасын айқындау әдістемесі;

4) акцияларды сатып алудың өзге де шарттары.

## 3-тарау. Акцияларды сатып алуды шектеу

8. Банктің қолданыстағы заңдарда көзделген акционерлік қоғамның өзі орналастырған акцияларды сатып алуына тыйым салатын негіздер болған кезде акцияларды сатып алуға құқығы жоқ.

9. Банк сатып алған акциялар акционерлердің жалпы жиналысының кворумын айқындаған кезде ескерілмейді және Банк акционерлерінің жалпы жиналыстарында дауыс беруге қатыспайды. Банк сатып алған акциялар бойынша дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

10. Банк сатып алатын акциялардың саны Банк акцияларының жалпы санының 25% (жиырма бес пайызынан) аспауы тиіс, ал Банк акцияларды сатып алуға жұмсайтын қаражат Банктің меншікті капиталының 10% (он пайызынан) аспауы тиіс:

1) акционердің талабы бойынша акцияларды сатып алғанда – Банк акционерлерінің жалпы жиналысы акционерге Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес тиесілі Банк акцияларын сатып алуды талап етуге құқық беретін бір немесе бірнеше шешімді қабылдау күнгі жағдай бойынша;

2) акциялар Банктің бастамасы бойынша сатып алынғанда – Банк акцияларын сатып алу туралы шешімді қабылдау күнгі жағдай бойынша.

11. Егер акционерлер сатып алуға мәлім еткен Банк акцияларының жалпы саны Банк сатып алуы мүмкін акциялар санынан асып түскен жағдайда, сатып алуға мәлім етілген акциялар акционерлерге тиесілі акциялардың санына тепе-тең етіп сатып алынады.

Үйлесімділік коэффициенті мына формула бойынша белгіленеді:

***K=A/C***

Мұнда:

***K*** – үйлесімділік коэффициенті;

*А* – Банк сатып алуы мүмкін акциялардың жалпы саны;
*С* – сатып алуға мәлім етілген Банк акцияларының жалпы саны.

Банк акционерден сатып алатын акциялардың түпкілікті саны акционер сатып алуға мәлімдеген акциялардың санын үйлесімділік коэффициентіне көбейту арқылы есептеледі.

## 4-тарау. Акциялардың құнын айқындау

Банктің Директорлар кеңесі акцияларды сатып алу бағасын айқындаған кезде мына әдістемелердің бірі бойынша айқындалатын бағамен акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдауға құқылы:

1) орташа алынған баға;
2) ағымдағы нарықтық баға;
3) есепті баға;
4) аукцион өткізу арқылы белгіленген баға.

12. Банктің акцияларды сатып алуы Банктің және акционердің акцияларды сатып алу-сату шартына қол қоюы және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарында белгіленген тәртіппен акцияларды сатып алу-сату мәмілесін тіркеу арқылы жүзеге асырылады. Акцияларды сатып алу-сату шартында сатып алынатын акциялардың төлеміне қолма-қол ақшасыз ақшаны аудару үшін акционердің (заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның) банктік деректемелеріне нұсқау немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарымен қолма-қол ақшамен төлемдер үшін белгіленген шектеулерді ескере отырып, акционерлер (жеке тұлға – акционерлер үшін) сатып алынатын акциялардың төлеміне қолма-қол ақшаны ала алатын орны туралы мәліметтер міндетті түрде болуы тиіс.

13. Банк сатып алған акциялар туралы мәліметтер Банктің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізіліміне міндетті түрде енгізілуі тиіс.

14. Банктің Директорлар кеңесі акционердің келісімімен сатып алынатын акцияларды ақшадан өзге Банк мүлкімен төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

## 5-тарау. Орташа алынған баға бойынша сатып алу

15. Банктің акцияларды сатып алуы акцияларды сатып алу туралы хабарландыру күнінің алдындағы соңғы отыз күнтізбелік күн бұрын олардың орташа алынған бағасы бойынша жүргізілуі мүмкін.

16. Акцияларды сатып алу туралы хабарландыру күнінің алдындағы соңғы отыз күнтізбелік күн бұрынғы акциялардың орташа алынған бағасы бағалы қағаздардың қазақстандық ұйымдасқан нарығында жасалған мәмілелер бойынша да, сол сияқты бағалы қағаздардың шетелдік ұйымдасқан нарықтарында жасалған мәмілелер бойынша да осы Ережеде белгіленген жағдайларда және тәртіппен есептелуі мүмкін.

17. Банк акцияларды сатып алуы туралы хабарлаған күннің алдындағы соңғы отыз күнтізбелік күн бұрын акциялардың орташа алынған бағасының есебі тек бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастырушылардың ресми деректерінің негізінде ғана жасалады. Акцияның орташа алынған бағасының есебі Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жасалады.

18. Егер Банк акцияларды сатып алуы туралы хабарлаған күннің алдындағы отыз күн ішінде бағалы қағаздардың қазақстандық ұйымдасқан нарықтарында осы акцияларды сатып алу-сату мәмілелері жасалған болса, олардың орташа алынған бағасы бағалы қағаздардың шетелдік ұйымдасқан нарықтарында жасалған акциялармен, Банк акцияларына депозитарлық қолхаттармен мәмілелер көлемін ескере отырып есептеледі.

19. Бағалы қағаздардың қазақстандық ұйымдасқан нарықтарында Банк акцияларымен мәмілелер болмаған жағдайда, Банк өз акцияларын сатып алуы туралы хабарлаған күннің алдындағы соңғы отыз күнтізбелік күн бұрын акциялардың орташа алынған бағасын есептеу үшін Банк акцияларымен немесе бағалы қағаздардың шетелдік ұйымдасқан

нарықтарында оларға шығарылған депозитарлық қолхаттармен сауда-саттық көлемі туралы деректерді пайдалануы мүмкін. Бұл кезде егер Банк акциялары бірден бағалы қағаздардың бірнеше шетелдік ұйымдасқан нарықтарында айналысқа жіберілсе, Банк есептеулерді жүргізген кезде бағалы қағаздардың барлық ұйымдасқан нарықтарында мәмілелер көлемі туралы ақпаратты пайдалануға міндетті.

20. Белгілі бір уақыт кезеңіндегі акциялардың орташа алынған бағасы деп осы уақыт кезеңінде ақшалай акциялармен мәмілелер көлемін осы мәмілелердегі акциялар санына бөлу нәтижесінде алынған баға мойындалады. Банк шығарылған акцияларды сатып алуы туралы хабарлаған күннің алдындағы соңғы отыз күнтізбелік күн бұрын акциялардың орташа алынған бағасы мына формула бойынша есептеледі:

$$C=V/A$$

Мұнда:

***C*** – акцияларды сатып алу туралы хабарландыру күнінің алдындағы соңғы отыз күнтізбелік күн бұрынғы акциялардың орташа алынған бағасы;

***V*** – акцияларды сатып алу туралы хабарландыру күнінің алдындағы соңғы отыз күнтізбелік күн бұрынғы бағалы қағаздардың қазақстандық және/немесе шетелдік ұйымдасқан нарықтарында осы акциялар бойынша ақшалай мәмілелер көлемі (көрсетілген кезеңде акциялармен барлық мәмілелер бойынша тиісті көрсеткіштерді қосу арқылы есептеледі);

***A*** – акцияларды сатып алу туралы хабарландыру күнінің алдындағы соңғы отыз күнтізбелік күн ішінде жасалған мәмілелердегі акциялардың саны (көрсетілген кезеңде акциялармен барлық мәмілелер бойынша тиісті көрсеткіштерді қосу арқылы есептеледі).

## 6-тарау. Ағымдағы нарықтық баға бойынша сатып алу

21. Банктің акцияларды сатып алуы Банктің Директорлар кеңесінің сатып алу туралы шешімді қабылдау күнгі жағдай бойынша бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығында қалыптасқан олардың ағымдағы нарықтық бағасы бойынша не Банктің маркет-мейкерінің сұраныс белгілеуінің бағасы бойынша (Банктің Директорлар кеңесі шешімді қабылдау күніне бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығында ағымдағы нарықтық баға болмаған жағдайда) жүргізілуі мүмкін.

## 7-тарау. Есепті баға бойынша сатып алу

22. Банктің акцияларды сатып алуы Банктің меншікті капиталының мөлшерін, оның даму келешегін, пруденциалдық нормативтерді және екінші деңгейдегі банктер үшін орындауға міндетті өзге де талаптар мен лимиттерді сақтау бөлігінде заңдардың талаптарын және бағалы қағаздардың баға белгілеуіне әсер ететін өзге де факторларды ескере отырып, Банктің Директорлар кеңесі белгілеген есепті баға бойынша жүргізілуі мүмкін.

## 8-тарау. Аукцион өткізу арқылы белгіленген баға бойынша сатып алу

23. Банк акцияларын сатып алу бойынша аукцион өткізу арқылы белгіленген баға бойынша сатып алу Банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен акцияларды сатып алу бойынша аукционды өткізу арқылы белгіленген баға бойынша жүргізілуі мүмкін.

## 9-тарау. Банктің бастамасы бойынша акцияларды сатып алу

24. Егер Қазақстан Республикасының заң актілерімен, Банк Жарғысымен немесе осы Ережемен өзгесі белгіленбесе, Банк өз бастамасы бойынша Банктің Директорлар кеңесінің шешімі негізінде акционердің келісімімен акцияларды сатып алуға құқылы.

25. Банктің мына жағдайларда өз акцияларын сатып алуға құқығы жоқ:

1) акционерлердің бірінші жалпы жиналысы өткізілгенге дейін;
2) акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есеп бекітілгенге дейін;

3) егер акцияларды сатып алу нәтижесінде Банктің меншікті капиталының мөлшері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ең аз жарғылық капиталының мөлшерінен кем болса;

4) егер акцияларды сатып алу сәтінде Банк банкроттық туралы заңдарға сәйкес төлеуге қабілетсіздігі немесе дәрменсіздігі белгілеріне жауап берсе не көрсетілген белгілер Банкте барлық талап етілген немесе сатып алынуға болжанған акциялар сатып алынғанда пайда болса;

5) егер сот немесе Банк акционерлерінің жалпы жиналысы Банкті тарату туралы шешім қабылдаса.

26. Банктің Директорлар кеңесінің акцияларды сатып алуы туралы шешімінде сатып алынатын акциялардың санына, түрі мен санатына, сатып алу бағасына немесе бағасын айқындау әдісіне, сатып алуға өтінімдер қабылданатын мерзімге және акциялар сатып алынатын және ол өткеннен кейін Банк оларды сатып алудан бас тартуға құқылы болатын мерзімге, акцияларды сатып алу туралы, сондай-ақ Банктің акцияларды сатып алуының өзге де шарттары туралы шешімді қабылдау сәтіне және ол өткеннен кейін Банк оларды сатып алудан бас тартуға құқылы болатын сәтке қолданыстағы заң актілеріне сәйкес өзге де ақпаратқа нұсқау болуы тиіс.

27. Саны Банк акцияларының жалпы санының бір пайызынан асатын акцияларды Банкпен сатып алынуы туралы ұсыныс Банк Жарғысында айқындалған баспа басылымдарында жариялануы тиіс. Баспа басылымдарындағы акционерлерге арналған ұсыныста міндетті түрде акциялардың түрлері, саны, сатып алу бағасы, сатып алуға өтінімдер қабылданатын мерзім және акциялар сатып алынатын мерзім туралы мәліметтер, акцияларды сатып алу туралы шешімді қабылдау және ол өткеннен кейін Банк оларды сатып алудан бас тартуға құқылы болатын сәтке қолданыстағы заң актілеріне сәйкес өзге де ақпарат, сондай-ақ Банктің акцияларды сатып алуының өзге де шарттары туралы мәліметтер болуы тиіс.

28. Банк акционерлерден өтінімдерді қабылдау мерзімі өткеннен кейін сатып алуға мәлімделген акциялардың саны Банк сатып алуы мүмкін акциялар санынан асып түссе, Банктің акцияларды сатып алуы өтінімді берген акционерге тиесілі акциялардың санына тепе-тең етіп жүзеге асырылады.

29. Егер Банктің бастамасы бойынша сатып алынатын акциялардың саны акцияларды сатып алу-сату мәмілесі (мәмілелері) жасалғанға дейін олардың жалпы санының бір пайызынан асып түссе, ол мұндай сатып алу туралы өз акционерлеріне жария етуге міндетті.

30. Сатып алынатын акциялар үшін ақы акцияларды сатып алу-сатудың тиісті шартында белгіленген тәртіппен төленеді.

## 10-тарау. Акционердің талабы бойынша акцияларды сатып алу

31. Банк өз акцияларын Банк акционерінің талабы бойынша сатып алуға тиіс әрі ол оны мына жағдайларда қоюы мүмкін:

1) акционерлердің Жалпы жиналысы Банкті қайта құру туралы шешім қабылдағанда (егер акционер Банкті қайта құру туралы мәселе қаралған акционерлердің Жалпы жиналысына қатысса және оған қарсы дауыс берсе);

2) акционерлердің жалпы жиналысы Банк акцияларының делистингі туралы шешім қабылдаған (егер акционер акционерлердің жалпы жиналысына қатыспаса немесе егер ол осы жиналысқа қатысып, аталған шешімді қабылдауға қарсы дауыс берсе);

3) сауда-саттықты ұйымдастырушы Банк акцияларының делистингі туралы шешім қабылдаған;

4) Осы заңда және (немесе) Банк Жарғысында белгіленген тәртіппен қабылданған ірі мәмілені жасау туралы шешіммен және (немесе) жасалуында Банктің қызығушылығы бар мәмілені жасау туралы шешіммен келіспегенде;

5) акционерлердің Жалпы жиналысы мұндай акционерге тиесілі акциялар бойынша құқықтарды шектейтін Банк жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы шешімді қабылдағанда (егер акционер мұндай шешім қабылданған акционерлердің Жалпы жиналысына қатыспаса немесе ол мұндай жиналысқа қатысып, көрсетілген шешімнің қабылдануына қарсы дауыс берсе).

32. Осы Ереженің 32-тармағында аталған негіздер болған жағдайда, акционер тиісті шешім қабылданған күннен бастап отыз күн ішінде Банкке оған тиесілі акцияларды сатып алу туралы өтінішті беруге құқылы. Акционердің оған тиесілі акцияларды сатып алуы туралы өтінішінде сатып алу туралы нақты әрі біржақты талап, акционер сатып алуға ұсынатын акциялардың саны мен түріне нұсқау, сондай-ақ акционердің мекенжайы мен байланыс телефондары болуы тиіс. Акционердің оған тиесілі акцияларды сатып алуы туралы өтініші Банкке оның орналасқан жерінің ресми мекенжайы бойынша жіберіледі.

33. Акционер оған тиесілі акцияларды сатып алуы туралы өтінішті берген жағдайда Банк акционердің өтінішін алған күннен бастап отыз күннің ішінде оған тиесілі акцияларды сатып алуға міндетті. Банк акционердің өтінішін алған күні Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес белгіленетін Банктің кіріс корреспонденциясын тіркеу күні болып табылады.

34. Банктің Директорлар кеңесі акционердің акцияларды сатып алуы туралы талабын Банк акционердің өтінішін алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей қарауға міндетті. Банктің Директорлар кеңесі осы Ереженің 32-тармағында аталған негіздер болмаған кезде, сондай-ақ заңдарда белгіленген және Банктің Директорлар кеңесі тиісті шешімді қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күнінің ішінде акционерге бас тарту себептерін көрсете отырып, акцияларды сатып алудан бас тарту туралы хабарламаны жібере отырып, Банктің акцияларды сатып алуына тыйым салатын өзге де жағдайларда акционерге акцияларын сатып алудан бас тартуға құқылы.

35. Банктің Директорлар кеңесі акцияларды сатып алу туралы шешімді қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде сатып алу туралы өтінішті берген акционерге Банктің Директорлар кеңесінің Банктің акционерге тиесілі акцияларын сатып алу, акцияларды сатып алу-сату мәмілесін ресімдеуге қажетті құжаттар тізбесі жөнінде шешімді қабылдау туралы хабарламасы, сондай-ақ акционер қосымша ақпаратты алуы үшін хабарласа алатын Банктің мекенжайы мен телефон нөмірлері бар хабарландыру жіберіледі.

36. Егер Банк акционерлері сатып алуға мәлім еткен акциялардың саны Қазақстан Республикасының заң актілерінде, Банк Жарғысында немесе осы Ережеде белгіленген шектеулерді ескере отырып Банк сатып алуы мүмкін акциялар санынан асып түссе, бұл акциялар акционерлерден оларға тиесілі акциялардың санына тепе-тең етіп сатып алынады.

37. Банк акционерінің талабы бойынша Банктің акцияларды сатып алу бағасын Банк осы Ережеге сәйкес айқындайды.

38. Егер акционер ұсынылған сатып алу бағасы бойынша Банкпен келіспесе, акционер және Банк келісім бойынша сатып алу бағасын белгілеуге құқылы. Сатып алу бағасы бойынша келісім болмаған жағдайда, дау қолданыстағы заңдарда көзделген тәртіппен шешіледі.

## 11-тарау. Акционердің өтініші бойынша акцияларды сатып алу

39. Өзіне тиесілі Банк акцияларын сатуға ниет білдірген Банк акционері оған тиесілі акцияларды Банктің сатып алу туралы өтінішпен хабарласуға құқылы.

40. Өзіне тиесілі акцияларды Банктің сатып алуы туралы акционердің өтініші жазбаша түрде жасалып, онда акцияларды сатып алу-сату мәмілесін жасау туралы нақты әрі біржақты ұсыныс, акционер сатуға ұсынған акциялардың санына нұсқау, сату бағасы және мәміленің өзге де маңызды шарттары, сондай-ақ акционердің мекенжайы мен байланыс

телефондары болуы тиіс. Оған тиесілі акцияларды сатып алу туралы өтінішті акционер Банкке жолдауы тиіс.

41. Акционер сатып алуға ұсынып отырған акцияларды сатып алу туралы өтінішті Банктің Директорлар кеңесі акционер хабарласқан күннен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей қарауы тиіс. Акционердің Банкке хабарласқан күні акционердің өтініші Банкте тіркелген күні болып табылады.

42. Банктің Директорлар кеңесі акционердің өтінішінде көрсетілген мәміленің шарттарымен келіспеген жағдайда, Банктің Директорлар кеңесі акционерге ұсынып отырған акцияларды сатып алудан бас тартуға немесе Банк Басқармасына мәміленің шарттары бойынша келісімге келу үшін акционермен келіссөздер жүргізуді тапсыруға құқылы.

43. Банк Басқармасы сатып алу шарттары бойынша келісімге келу үшін акционермен келіссөздерді жүргізген жағдайда, сатып алу немесе сатып алудан бас тарту туралы түпкілікті шешімді Банктің Директорлар кеңесі Банк Басқармасынан Банк акционерімен жүргізілген келіссөздердің нәтижелері туралы ақпаратты алған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қабылдайды.

44. Банктің Директорлар кеңесі акцияларды сатып алу туралы шешімді қабылдаған жағдайда өзіне тиесілі акцияларды сатып алуға ұсынған акционерге Банктің Директорлар кеңесі оның акцияларын сатып алу туралы шешімді қабылдауы, сатып алу бағасы, акцияларды сатып алу-сату мәмілесін ресімдеуге қажетті құжаттар тізбесі, сондай-ақ акционер сатып алу-сату шартын жасауы үшін келуі тиіс және ол өткеннен кейін Банк акцияларды сатып алудан бас тартуға құқылы болатын мерзім туралы хабарламасы бар хабарландыруды жібереді.

45. Акционердің өтініші бойынша Банктің шығарылған акцияларды сатып алу бағасы тараптардың келісімі бойынша белгіленеді. Акционердің өтініші бойынша Банктің акцияларды сатып алу бағасын айқындаған кезде Банк Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарын, орташа алынған, ағымдағы нарықтық, есепті бағасын басшылыққа алады және ағымдағы сәтке акциялардың бағасын айқындауына әсер ете алатын жағдайларды және бағалы қағаздардың баға белгілеуіне әсер ететін өзге де факторларды назарға алады.

## 12-тарау. Соттың қаулысы бойынша акцияларды сатып алу

46. Соттың күшіне енген тиісті қаулысы болған кезде Банктің Директорлар кеңесі Банк акционеріне тиесілі акцияларды, егер өзге мерзім сот қаулысында көрсетілмесе, сот қаулысы күшіне енген күннен бастап он бес жұмыс күннің ішінде сатып алу туралы шешімді қабылдауға міндетті.

47. Директорлар кеңесі сатып алу туралы шешімді қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде акционерге Банктің Директорлар кеңесі оның акцияларын сатып алу туралы шешімді қабылдауы, сатып алу бағасы, акцияларды сатып алу-сату мәмілесін ресімдеуге қажетті құжаттар тізбесі туралы хабарламасы бар хабарландыруды жібереді.

48. Банктің сот қаулысы бойынша акцияларды сатып алу тәртібі акционердің өтініші бойынша акцияларды сатып алу тәртібін реттейтін осы Ереженің 11-тарауының нормаларымен реттеледі.

49. Банктің акцияларды сатып алу бағасын айқындаған кезде Банк Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарын, орташа алынған, ағымдағы нарықтық, есепті бағасын басшылыққа алады және ағымдағы сәтке акциялардың бағасын айқындауына әсер ете алатын жағдайларды және бағалы қағаздардың баға белгілеуіне әсер ететін өзге де факторларды назарға алады.

**Басқарма Төрағасы** **М. Ломтадзе**

**Бас бухгалтер** **Н. А. Уәлибекова**

# ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ №14 В ПРОСПЕКТ ВЫПУСКА АКЦИЙ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА (АО) «Kaspi Bank»

г. Алматы

Изменения и дополнения №14 в ПРОСПЕКТ седьмого выпуска акций, зарегистрированный Национальным Банком Республики Казахстан 19 августа 2003 года.

Проспект седьмого выпуска акций (далее - Проспект) дополнить пунктом 10-1 следующего содержания:
1. Пункт 10-1. Дата утверждения общим собранием акционеров или учредительным собранием методики определения стоимости акций при их выкупе обществом:
«Правила выкупа размещенных акций и методика определения стоимости акций при их выкупе обществом» утверждены решением Общего собрания акционеров №29 от 26 мая 2014г.)

Приложение «Правила выкупа размещенных акций и методика определения стоимости акций при их выкупе обществом» к проспекту изложить в новой редакции:

Приложение

**Утвержден**
**Общим собранием акционеров (протокол собрания №29 от «26» мая 2014 года)**

## Правила выкупа размещенных акций и Методика определения стоимости акций при их выкупе обществом

Настоящие Правила выкупа размещенных акций и Методика определения стоимости акций при их выкупе обществом (далее – Правила) разработаны в соответствии с законодательством Республики Казахстан, Уставом акционерного общества “Kaspi Bank” (далее – Банк) с целью определения общих условий выкупа размещенных акций Банком по инициативе Банка, по требованию акционера, по заявлению акционера и по постановлению суда.

### Глава 1. Общие положения

1. Термины и определения, используемые в настоящих Правилах, для целей настоящих Правил, если иное прямо не следует из контекста, означают следующее:

1) организованный рынок ценных бумаг – сфера обращения эмиссионных ценных бумаг и иных финансовых инструментов, сделки с которыми осуществляются в соответствии с внутренними документами организатора торгов;

2) организаторы торгов – фондовая биржа и котировочная организация внебиржевого рынка ценных бумаг;

3) акция – размещенная акция Банка, выпущенная Банком как акционерным обществом и удостоверяющая права на участие в управлении Банком как акционерным обществом, получение дивиденда по ней и части имущества Банка при его ликвидации, а также иные права, предусмотренные законодательными актами Республики Казахстан.

2. Правовое положение Банка как акционерного общества, порядок государственной регистрации выпуска объявленных акций и их размещения определяется в соответствии с законодательством Республики Казахстан. Форма, способ и порядок выплаты дохода по

акциям определяются Уставом Банка и проспектами выпуска ценных бумаг с учетом особенностей, предусмотренных законодательством Республики Казахстан.

3. Уставный капитал Банка сформирован посредством оплаты акций учредителями по их номинальной стоимости и инвесторами по ценам размещения, определяемым в соответствии с требованиями, установленными законодательными актами Республики Казахстан, и выражается в национальной валюте Республики Казахстан. Увеличение уставного капитала Банка может осуществляться посредством размещения объявленных акций Банка.

## Глава 2. Общие условия выкупа Банком акций

4. Выкуп Банком акций осуществляется с целью их последующей продажи, соблюдения прав акционеров (при возникновении у Банка обязанности выкупить принадлежащие акционеру акции Банка в соответствии с законодательством) или в иных целях, не противоречащих законодательству Республики Казахстан и Уставу Банка.

5. Выкуп Банком акций у акционеров-нерезидентов Республики Казахстан осуществляется в порядке, установленном для акционеров-резидентов Республики Казахстан.

6. Принятие решения о выкупе Банком акций осуществляется Советом директоров Банка.

7. Правление Банка вправе предложить Совету директоров выкупить акции Банка с целью защиты интересов Банка в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан. При этом предложение Правления Банка должно содержать:

1) обоснование целесообразности выкупа и цели выкупа акций Банком;
2) количество и вид акций Банка, предлагаемые к выкупу Банком;
3) цену выкупа акций или методику определения цены выкупа;
4) иные условия выкупа акций.

## Глава 3. Ограничения выкупа акций

8. Банк не вправе осуществлять выкуп акций при наличии предусмотренных действующим законодательством оснований, запрещающих осуществление акционерным обществом выкупа размещенных ими акций.

9. Выкупленные Банком акции не учитываются при определении кворума общего собрания акционеров и не участвуют в голосовании на общих собраниях акционеров Банка. По акциям, выкупленным Банком, дивиденды не начисляются и не выплачиваются.

10. Количество выкупаемых Банком акций не должно превышать 25% (двадцать пять процентов) от общего количества акций Банка, а средства, направляемые Банком на выкуп акций, не должны превышать 10% (десять процентов) от собственного капитала Банка:

1) при выкупе акций по требованию акционера — по состоянию на дату принятия общим собранием акционеров Банка одного или нескольких решений, дающих право акционеру требовать выкупа принадлежащих ему акций Банка в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан;

2) при выкупе акций по инициативе Банка – по состоянию на дату принятия решения о выкупе акций Банка.

11. В случае, если общее количество акций Банка, заявленных акционерами к выкупу, превышает количество акций, которое может быть выкуплено Банком, заявленные к выкупу акции выкупаются у акционеров пропорционально количеству принадлежащих им акций.

Коэффициент пропорции устанавливается по следующей формуле:

***K=A/C***

Где:

***K*** – коэффициент пропорции;

***A*** – общее количество акций, которое может быть выкуплено Банком;

*С* – общее количество заявленных к выкупу акций Банка.

Окончательное количество акций, которое выкупается Банком у акционера, рассчитывается путем умножения количества заявленных акционером к выкупу акций на коэффициент пропорции.

## Глава 4. Определение стоимости акций

При определении цены выкупа акций Совет директоров Банка вправе принять решение о выкупе акций по цене, определенной по одной из следующих методик:

1) средневзвешенной цене;
2) текущей рыночной цене;
3) расчетной цене;
4) цене, установленной путем проведения аукциона.

12. Выкуп акций Банком осуществляется путем подписания Банком и акционером договора купли-продажи акций и регистрации сделки купли-продажи акций в порядке, установленном действующим законодательством Республики Казахстан. Договор купли-продажи акций в обязательном порядке должен содержать указание на банковские реквизиты акционера (юридического лица или физического лица) для перечисления денег безналичным путем в оплату выкупаемых акций или сведения о месте, где акционеры могут получить наличные деньги в оплату выкупаемых акций (для акционеров – физических лиц), с учетом ограничений, установленных действующим законодательством Республики Казахстан для наличных платежей.

13. Сведения об акциях, выкупленных Банком, подлежат обязательному включению в реестр держателей ценных бумаг Банка.

14. Совет директоров Банка вправе с согласия акционера принять решение об оплате выкупаемых акций иным, помимо денег, имуществом Банка.

## Глава 5. Выкуп по средневзвешенной цене

15. Выкуп Банком акций может производиться по их средневзвешенной цене за последние тридцать календарных дней, предшествующих дню объявления о выкупе акций.

16. Средневзвешенная цена акций за последние тридцать календарных дней, предшествующих дню объявления о выкупе акций, может рассчитываться как по сделкам, заключенным на казахстанских организованных рынках ценных бумаг, так и по сделкам, заключенным на зарубежных организованных рынках ценных бумаг в случаях и порядке, установленных настоящими Правилами.

17. Расчет средневзвешенной цены акций за последние тридцать календарных дней, предшествующих дню объявления Банком о выкупе акций, производится только на основании официальных данных организаторов торгов ценными бумагами. Расчет средневзвешенной цены акции производится в национальной валюте Республики Казахстан.

18. Если в течение тридцати дней, предшествующих дню объявления о выкупе Банком акций, на казахстанских организованных рынках ценных бумаг были заключены сделки по купле-продаже этих акций, их средневзвешенная цена рассчитывается с учетом объема сделок с акциями, депозитарными расписками на акции Банка, совершенных на зарубежных организованных рынках ценных бумаг.

19. В случае отсутствия сделок с акциями Банка на казахстанских организованных рынках ценных бумаг, Банком для расчета средневзвешенной цены акции за последние тридцать календарных дней, предшествующих дню объявления о выкупе акций, Банком могут быть использованы данные об объемах торгов с акциями Банка или выпущенными на них депозитарными расписками на зарубежных организованных рынках ценных бумаг. При этом если акции Банка допущены к обращению сразу на нескольких зарубежных организованных

рынках ценных бумаг, Банк при проведении расчетов обязан использовать информацию об объемах сделок на всех организованных рынках ценных бумаг.

20. Средневзвешенной ценой акций за определенный период времени признается цена, полученная в результате деления объема сделок с акциями в денежном выражении за данный период времени на количество акций в этих сделках. Средневзвешенная цена акций за последние тридцать календарных дней, предшествующих дню объявления о выкупе Банком выпущенных акций, рассчитывается по формуле:

$$C=V/A$$

Где:

***C*** – средневзвешенная цена акций за последние тридцать календарных дней, предшествующих дню объявления о выкупе акций;

***V*** – объем сделок по данным акциям на казахстанских и/или зарубежных организованных рынках ценных бумаг в денежном выражении за последние тридцать календарных дней, предшествующих дню объявления о выкупе акций (рассчитывается путем суммирования соответствующих показателей по всем сделкам с акциями за указанный период);

***A*** – количество акций в сделках, совершенных в течение последних тридцать календарных дней, предшествующих дню объявления о выкупе акций (рассчитывается путем суммирования соответствующих показателей по всем сделкам с акциями за указанный период).

## Глава 6. Выкуп по текущей рыночной цене

21. Выкуп Банком акций может производиться по их текущей рыночной цене, сложившейся на организованном рынке ценных бумаг по состоянию на день принятия Советом директоров Банка решения о выкупе либо по цене котировки спроса маркет-мейкера Банка (в случае отсутствия текущей рыночной цены на организованном рынке ценных бумаг на день принятия решения Совета директоров Банка). При этом текущей рыночной ценой признается средневзвешенная цена акции за день.

## Глава 7. Выкуп по расчетной цене

22. Выкуп Банком акций может производиться по расчетной цене, установленной Советом директоров Банка с учетом размера собственного капитала Банка, перспектив его развития, требований законодательства в части соблюдения пруденциальных нормативов и иных обязательных для соблюдения требований и лимитов для банков второго уровня и иных факторов, влияющих на ценообразование ценных бумаг.

## Глава 8. Выкуп по цене, установленной путем проведения аукциона

23. Выкуп по цене, установленной путем проведения аукциона по выкупу акций Банка может производиться по цене, установленной путем проведения аукциона по выкупу акций в порядке, установленном внутренними нормативными документами Банка.

## Глава 9. Выкуп акций по инициативе Банка

24. Банк вправе по своей инициативе осуществить выкуп акций с согласия акционера на основании решения Совета директоров Банка, если иное не установлено законодательными актами Республики Казахстан, Уставом Банка или настоящими Правилами.

25. Банк не вправе выкупать свои акции в следующих случаях:

1) до проведения первого общего собрания акционеров;
2) до утверждения отчета об итогах размещения акций;

3) если в результате выкупа акций размер собственного капитала Банка станет меньше размера минимального уставного капитала, установленного законодательством Республики Казахстан;

4) если на момент выкупа акций Банк отвечает признакам неплатежеспособности или несостоятельности в соответствии с законодательством о банкротстве либо указанные признаки появятся у Банка в результате выкупа всех требуемых или предполагаемых к выкупу акций;

5) если судом или общим собранием акционеров Банка принято решение о ликвидации Банка.

26. Решение Совета директоров Банка о выкупе акций должно содержать указание на количество, вид и категорию выкупаемых акций, цену выкупа или метод определения цены, срок, в течение которого принимаются заявки на выкуп, и срок, в течение которого осуществляется выкуп акции и по истечении которого Банк вправе отказаться от их выкупа, иную информацию в соответствии с действующими законодательными актами на момент принятия решения о выкупе акций, а также иные условия выкупа Банком акций по усмотрению Банка.

27. Предложение о выкупе Банком акций, количество которых превышает один процент от общего количества акций Банка, должно быть опубликовано в печатных изданиях, определенных Уставом Банка. Предложение для акционеров в печатных изданиях в обязательном порядке должно содержать сведения о видах, количестве, цене выкупа, сроке, в течение которого принимаются заявки на выкуп, и сроке, в течение которого осуществляется выкуп акций, иную информацию в соответствии с действующими законодательными актами на момент принятия решения о выкупе акций, и по истечении которого Банк вправе отказаться от их выкупа, а также об иных условиях выкупа Банком акций.

28. Если по окончании срока, в течение которого Банком принимались заявки от акционеров, количество заявленных к выкупу акций превышает количество акций, которое может быть выкуплено Банком, выкуп акций Банком осуществляется пропорционально количеству акций, принадлежащих акционеру, подавшего заявку.

29. Если количество выкупаемых по инициативе Банка акций превышает один процент от их общего количества, до заключения сделки (сделок) купли-продажи акций оно обязано объявить о таком выкупе своим акционерам.

30. Оплата за выкупаемые акции производится в порядке, установленном соответствующим договором купли-продажи акций.

## Глава 10. Выкуп акций по требованию акционера

31. Выкуп акций должен быть произведен Банком по требованию акционера Банка, которое может быть предъявлено им в случаях:

1) принятия Общим собранием акционеров решения о реорганизации Банка (если акционер принимал участие в Общем собрании акционеров, на котором рассматривался вопрос о реорганизации Банка, и голосовал против нее);

2) принятия Общим собранием акционеров решения о делистинге акций Банка (если акционер не участвовал в Общем собрании акционеров или если он принимал участие в этом собрании и голосовал против принятия указанного решения);

3) принятия решения организатором торгов о делистинге акций Банка;

4) несогласия с решением о заключении крупной сделки и (или) решением о заключении сделки, в совершении которой у Банка имеется заинтересованность, принятыми в порядке, установленном настоящим Законом и (или) уставом Банка;

5) принятия Общим собранием акционеров решения о внесении изменений и дополнений в устав общества, ограничивающих права по акциям, принадлежащим данному

акционеру (если акционер не участвовал в Общем собрании акционеров, на котором было принято такое решение, или если он принимал участие в этом собрании и голосовал против принятия указанного решения).

32. При наличии оснований, указанных в пункте 32 настоящих Правил, акционер в течение тридцати дней со дня принятия соответствующего решения вправе подать в Банк заявление о выкупе принадлежащих ему акций. Заявление акционера о выкупе принадлежащих ему акций должно содержать четкое и однозначное требование о выкупе, указание на количество и вид акций, которые предъявляются акционером к выкупу, а также адрес и контактные телефоны акционера. Заявление акционера о выкупе принадлежащих ему акций должно направляться в Банк по официальному адресу места нахождения Банка.

33. В случае подачи акционером заявления о выкупе принадлежащих ему акций Банк обязан выкупить принадлежащие ему акции в течение тридцати дней со дня получения заявления акционера. Датой получения заявления акционера Банком является дата регистрации входящей корреспонденции Банка, устанавливаемая в соответствии с внутренними нормативными документами Банка.

34. Совет директоров Банка обязан рассмотреть требование акционера о выкупе акций не позднее десяти рабочих дней с даты получения Банком заявления акционера. Совет директоров Банка вправе отказать акционеру в выкупе акций при отсутствии оснований, указанных в пункте 32 настоящих Правил, а также в иных случаях, установленных законодательством и запрещающих осуществление Банком выкупа акций, с направлением акционеру в течение двух рабочих дней со дня принятия Советом директоров Банка соответствующего решения уведомления об отказе в выкупе акций с указанием причин отказа.

35. В течение двух рабочих дней со дня принятия Советом директоров Банка решения о выкупе акций акционеру, подавшему заявление о выкупе, направляется уведомление, содержащее извещение о принятии Советом директоров Банка решения о выкупе Банком принадлежащих акционеру акций, перечне документов, необходимых для оформления сделки купли-продажи акций, а также адрес и номера телефонов Банка, куда акционер вправе обратиться за получением дополнительной информации.

36. В случае, если количество акций Банка, заявленных его акционерами к выкупу, превышает количество акций, которые могут быть выкуплены Банком с учетом ограничений установленных законодательными актами Республики Казахстан, Уставом Банка или настоящими Правилами, эти акции выкупаются у акционеров пропорционально количеству принадлежащих им акций.

37. Цена выкупа Банком акций по требованию акционера Банка определяется Банком в соответствии с настоящими Правилами.

38. В случае, если акционер не согласен с Банком по предложенной цене выкупа, акционер и Банк вправе установить цену выкупа по договоренности. В случае согласия по цене выкупа не будет достигнуто, спор решается в порядке, предусмотренном действующим законодательством.

## Глава 11. Выкуп акций по заявлению акционера

39. Акционер Банка, желающий продать принадлежащие ему акции Банка, вправе обратиться с заявлением о выкупе Банком принадлежащих ему акций.

40. Заявление акционера о выкупе Банком принадлежащих ему акций должно быть изложено в письменной форме и содержать четкое и однозначное предложение о заключении сделки купли-продажи акций, указание на количество акций, которое предлагается акционером к продаже, цену продажи и иные существенные условия сделки, а также адрес и

контактные телефоны акционера. Заявление о выкупе принадлежащих ему акций должно направляться акционером в Банк.

41. Заявление о выкупе предлагаемых акционером к выкупу акций должно быть рассмотрено Советом директоров Банка не позднее пятнадцати рабочих дней с даты обращения акционера. Датой обращения акционера в Банк является дата регистрации заявления акционера в Банке.

42. При несогласии Совета директоров Банка с условиями сделки, изложенными в заявлении акционера, Совет директоров Банка вправе отказать акционеру в выкупе предлагаемых акций или поручить Правлению Банка вступить в переговоры с акционером для достижения соглашения по условиям сделки.

43. В случае вступления Правления Банка в переговоры с акционером для достижения соглашения по условиям выкупа, окончательно решение о выкупе или отказе в выкупе принимается Советом директоров Банка в течение пятнадцати рабочих дней со дня получения от Правления Банка информации о результатах переговоров с акционером Банка.

44. В случае принятия Советом директоров Банка решения о выкупе акций, акционеру, предложившему на выкуп принадлежащие ему акции, направляется уведомление, содержащее извещение акционера о принятии Советом директоров Банка решения о выкупе Банком его акций, цене выкупа, перечне документов, необходимых для оформления сделки купли-продажи акций, а также срока, в течение которого акционер должен явиться для заключения договора купли-продажи и по истечении которого Банк вправе отказаться от выкупа акций. Оформление документов по выкупу Банком акций у акционера оформляется в Банке.

45. Цена выкупа Банком выпущенных акций по заявлению акционера устанавливается по договоренности сторон. При определении цены выкупа Банком акций по заявлению акционера, Банк руководствуется действующим законодательством Республики Казахстан, средневзвешенной, текущей рыночной, расчетной ценой и принимает во внимание обстоятельства, способные повлиять на определение цены акций на текущий момент и иные факторы, влияющие на ценообразование ценных бумаг.

## Глава 12. Выкуп акций по постановлению суда

46. При наличии вступившего в силу соответствующего постановления суда, Совет директоров Банка обязан принять решение о выкупе принадлежащих акционеру Банка акций в течение пятнадцати рабочих дней со дня вступления постановления суда в силу, если иной срок не указан в постановлении суда.

47. В течение двух рабочих дней со дня принятия Советом директоров решения о выкупе, акционеру направляется уведомление, содержащее извещение акционера о принятии Советом директоров Банка решения о выкупе Банком его акций, цене выкупа, перечне документов, необходимых для оформления сделки купли-продажи акций.

48. Порядок выкупа Банком акций по постановлению суда регламентируется нормами главы 11 настоящих Правил, регламентирующих порядок выкупа акций по заявлению акционера.

49. При определении цены выкупа Банком акций Банк руководствуется действующим законодательством Республики Казахстан, средневзвешенной, текущей рыночной, расчетной ценой и принимает во внимание обстоятельства, способные повлиять на определение цены акций на текущий момент и иные факторы, влияющие на ценообразование ценных бумаг.

**Председатель Правления** **М. Ломтадзе**

**Главный бухгалтер** **Н. А. Уалибекова**

Пронумеровано и прошнуровано
на «16» листах

Председатель Правления
_______________М. Ломтадзе

Главный бухгалтер
_______________Н. Уалибекова

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі»
Республикалық мемлекеттік мекемесі

ТІРКЕДІ

2014 ж. «18 мамыр»

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ

НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

050040, Алматы қ., Көктем-3, 21-үй
телефон (727)2704591,
факс (727) 2704703, 2617352
телекс: 251130 BNK KZ
e-mail: hq@nationalbank.kz

050040, г.Алматы, Коктем-3, д. 21
телефон (727)2704591,
факс (727) 2704703, 2617352
телекс: 251130 BNK KZ
e-mail: hq@nationalbank.kz

18 06 14 №33-3-02/349

**АО «Kaspi bank»**

*050013, г. Алматы,*
*Бостандыкский рафон*
*ул. Наурызбай батыра, 154 «А»,*
*тел: (727)356-34-23*

*на ваш исх. №05G0/229 от 04.06. 2014 г.*

**О регистрации изменений и дополнений в проспект выпуска акций**

Национальный Банк Республики Казахстан зарегистрировал изменения и дополнения в проспект выпуска акций **АО «Kaspi bank»** и направляет один экземпляр изменений и дополнений в проспект выпуска акций с отметкой уполномоченного органа.

**Заместитель Председателя** **К. Кожахметов**

*Исполнитель: Молдабаева А. Г.*
*тел: 2 788 104 вн. 3002*

«Kaspi Bank» АҚ/АО «Kaspi Bank»
Кеңсе
Канцелярия
23 ИЮН 2014
Кіріс / Вх № 1-492
Бет саны/Кол-во листов 1+16

№0061364